

Аңдатпа

Дипломдық жұмыстың тақырыбы «Конвейер лентасының автоматтандырылған электр жетегі». Жұмыс құрылымына кіріспе, негізгі есептеу бөлімі, экономикалық бөлімі, өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімі, қорытынды және әдебиеттер тізімі кіреді.

Кіріспеде дипломдық жұмыстың негізгі мәселелері мен мақсаттары көрсетілген. Негізгі бөлімде конвейер желісі мен оның жетегіне есептеулер жүргізілді, жиілік түрлендіргіш пен электр жабдықтары таңдалды. Ленталық конвейерлердің жіктелуі, құрылымы және оның жұмысының технологиялық үдерісі көрсетілген. Ленталық конвейер электржетегінің басқару жүйесін оңтайландыру мәселесі MATLAB компьютерлік моделдеу бағдарламасы арқылы шешіледі. Өтпелі үдерістер сипаттамалары мен сапалылық сипаттамалар келтірілген. Сенімділік, үздіксіз жұмыс жасау, ауыспалы үрдістің тұрақтылығы, ұдайы жөндеуді қажет етпеу сияқты негізгі технологиялық талаптарға жауап беретін электр жетектің оңтайландырылған басқару жүйесі салыстыру әдісі арқылы таңдалды.

Экономикалық бөлімінде жиілік түрлендіргіш пен жетегінің таңдаулары дәлелденді.

ӨТҚ бөлімінде өндіріс циклінде конвейерлік жүйені қолданатын цехтердің бірінде еңбек жағдайларына сараптау жүргізіліп, оларды жақсарту бойынша бірқатар іс-шараларлар дайынған.